**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

# БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

**Пән**: «Мейіргер ісіндегі әлеуметтік жұмыс»
**Мамандығы**: 0302000 - "Мейіргер ісі"
**Біліктілігі**: 0302043 - "Жалпы практика мейіргері"

Курс: 4
Семестр: 8
Оқу түрі: Д/сынақ
Жалпы еңбек сыйымдылығы сағат/кредиттер KZ: 48/2
Аудитория: 20
Симуляция: 28

**Шымкент, 2023 ж.**

Бақылау өлшеу құралдары «Мейіргер ісіндегі әлеуметтік жұмыс» пәнінің жұмыс бағдарламасы (силлабусы) негізінде құрастырылды.

Құрастырушы:__________________ Ә.Б.Оңбаева

Хаттама № __1__ "_1_" __09__ 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі:__________________ Г.Н. Айбекова

**8.1. Пән/модуль бойынша тесттер**

**Аралық бақылау 1**

1. Медициналық- әлеуметтік көмек ... қамтиды:
   A. тұрғындарды дәрілік заттармен қамтамасыз етуді
   B. еңбекке қабілетсіздікті талдау мен сараптамасын
   C. балалардың дамуындағы көмекті
   D. емдік диагностика, оңалтуды
   E. жеке көмекті
2. Медициналық-әлеуметтік жұмыстың объектілері ... болып табылады.
   A. әлеуметтік мәселелері жоқ әртүрлі топтағы тұлғалар
   B. айқын медициналық және әлеуметтік мәселелері бар әртүрлі топтағы тұлғалар
   C. заңгерлер, медициналық қызметкерлер
   D. ҚР барлық азаматтары
   E. көңіл-күйі жақсы азаматтар
3. 1940 жылдары неміс патологы медицинаны әлеуметтік ғылым деп жариялады:
   A. Ж. Р. Франк
   B. Н.Семашко
   C. Р.Вирхов
   D. Ф. Энгельс
   E. Гротян
4. Әлеуметтік медицина міндеттеріне ... кіреді.
   A. айрықша қауіпті аурулардың таралуының алдын алу
   B. аурухана ішілік инфекция таралуын болдырмау
   C. белгілі бір адамдар денсаулығын сақтау
   D. балалар денсаулығын сақтау және нығайту
   E. қоғамдық денсаулықты сақтау және қорғау
5. Әлеуметтік медицинаның мақсаты:
   A. әлеуметтік факторлардың адам денсаулығына жағымды және жағымсыз әсерлерін зерттеу
   B. тұлғаның психологиялық аспектілерін зерттеу
   C. диагностикалық әдістердің тиімділігі мен қауіпсіздігін тексеру, алдын-алу және емдеу
   D. халықтың топтарын қалпына келтіру
   E. аурулардың алдын-алу
6. Әлеуметтік медицина нысаны ... болып табылады:
   A. әлеуметтік – медициналық институттар
   B. халық
   C. қоғамдық денсаулық сақтау
   D. мемлекеттік қызметкерлер
   E. жұмысшылар
7. Медициналық-әлеуметтік жұмыс ... қамтиды:
   A. салауатты өмір салтын қалыптастыруды
   B. кіші медициналық персоналды басқаруды
   C. дәрігер мен пациенттің этикалық қатынастарын қалыптастыруды
   D. медициналық нысандардың шаруашылық іс-әрекетін енгізуді
   E. медициналық нысандар жұмысын тікелей бақылауды енгізуді
8. Мүгедектерді медициналық оңалтудың мақсаты ... болып табылады:
   A. ҚР-ның заінамасына сәйкес құқықтық қызмет көрсету

B. мүгедектерді негізгі әлеуметтік жеке гигиена машықтарына үйрету
C. мүгедектерді арнайы құрылғылармен қамтамасыз ету
D. мүгедектерге үйінде қызмет көрсету
E. қалпына келтіру терапиясы

9. Мүгедек-бала-бұлөмір сүру мүмкіншілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігін туғызатын организм қызметінің тұрақты бұзылыстары және денсаулығының әртүрлі аурулар,жарақаттар мен оның салдарына байланысты ақаулары бар ... тұлғалар:
A. 16 жасқа дейінгі
B. 17 жасқа дейінгі
C. 18 жасқа дейінгі
D. 19 жасқа дейінгі
E. 20 жасқа дейінгі

10. Тұрғындардың бір бөлігінің есірткі заттарын қолданып, соның зардабы айқындалатын әлеуметтік көрініс-бұл ...
A. наркотрафик
B. наркотизм
C. наркомания
D. наркомафия
E. есірткі қолданушы

11. Қазақстанда аурулардың жалпы ауыртпалығындағы негізгі қауіп-қатер факторларының бірі болып қалуда ... .
A. темекіні пайдалану
B. артық дене салмағы
C. алкогольді тұтыну
D. қолайсыз тұрғын үй
E. қаржылық тұрақсыздық

12. Жедел әлеуметтік көмек қызметінде төмендегі қызметтер қарастырылған: қызмет меңгерушісі, сонымен қатар ...
A. бас есепші мен есепші инспектор
B. әлеуметтік жұмысшылар
C. медбикелер, еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы
D. психолог, юрист, әлеуметтік жұмыстар бойынша маман, әлеуметтік жұмысшылар
E. психолог, еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы.

13. Дені сау баланың кабинетінің негізгі міндеттері:
A. отбасында салауатты өмір салтын насихаттау, ата-ананы дені сау бала тәрбиелеу ережелерін үйрету
B. тууға кешенді дайындалу
C. отбасында салауатты өмір салтын насихаттау
D. туу кезінде жоғары мамандандырылған көмек көрсету
E. тұрғындарға медициналық көмек көрсету

14. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қамсыздандыру бойынша негізгі критерийлері:
A. азаматтың ұлты
B. көшіп келу, балалық шақ, жастық шақ
C. транспортты қажет ету, жынысы, ұлты
D. еңбек шартының ерекшелігі
E. егде жас, мүгедектік, баланың туылуы, адам өлімі, ана мен әкелік

15. Өмірлік ұстанымды қалыптастыруда әлеуметтік факторлардың ішіндегі ең маңыздысы

A. БАҚ
B. қоғамдық тәрбие
C. отбасы
D. теледидар
E. заманауи ақпараттық технологияға

16. Әлеуметтік жұмыс — бұл... қызметтің ерекше түрі.
A. сақтандырылған азаматтар арасында заманауи
B. мұғалімдермен өткізіледі
C. көмекке мұқтаж адам заты болып келеді әлемде рөлі жоғарылайды
D. арнайы мекемелерде көрсетіледі
E. сақтандыру жүйесін жақсартуға бағытталған

17. 14 жасқа дейін балаларды моральды және материалды қолдау түрі.
A. патронат
B. қорғаушылық
C. қамқорлық
D. асырап алу
E. жастарға психологиялық көмек көрсету

18. Әлеуметтік жетім:
A. мүгедек
B. қылмыскер
C. ата-анасының камқорлығы жоқ бала
D. қабілетсіз бала
E. ата-анасы жоқ бала

19. Әлеуметтік жұмысты отбасымен жүргізетін әлеуметтік қызметкер- бұл...
A. жүршізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маманы
B. отбасымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман
C. егде адамдармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман
D. қиын балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман
E. мүмкіндігі шектеулі адамдармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман

20. Едәуір деңгейде әлеуметтік жұмыста психологиялық негіздер мен техниканы таңдау ... байланысты.
A. жарлық және бекітілген ережелеріне
B. технолгоияның және заманауи негізіне
C. маманның тәжірибесі және құзыреттілігіне
D. коммуникативті дағдылардың жоғары деңгейде меңгеруге
E. маманның қаталдығынан және беделінен, өзіне сенімділік

21. Мектеп бағдарламасындағы мәселелерді шешудегі психолог пен әлеуметтік жұмысшының біріккен қызметтері
A. ТМӘҚ
B. жастар орталығы
C. оқушылардың психосоматикасын зерттеу
D. мектептің психологиялық қызметі
E. балалардың СӨС

22. Әлеуметтік педагогика тұлғаның қалыптасуына және тәрбиесіне... әсер етуін оқытады.
A. психологтар, оқытушылардың
B. мектеп ортасының
C. жанұяның

D. әлеуметтік қызметтің
E. әлеуметтік ортаның

23. Әлеуметтік қызмет көрсетудің түрлерін ұсынудың негізгі критерийлері:
A. еңбек, адамның әскери қызметі
B. адамдардың ұжымдық еңбегі
C. аналық және балалық
D. әкелік және балалық
E. Отан алдындағы еңбегі

24. Әлеуметтік алдын алу ... бағытталады:
A. тұрғындардағы маңызды ауруларды емдеуге
B. адамдардың денсаулығы мен өмірінің қалыпты деңгейін қорғау мен қолдау және сақтауға
C. жұқпалы және жұқпалы емес ауруларды емдеуге
D. клиентерде салауатты өмір салтын қалыптастыруға
E. тұрғындар денсаулығының қалыпты деңгейін ұстап тұруға

25. Әлеуметтік тиімділіктің көрсеткішіне ... жатады.
A. науқастардың санын төмендету
B. аурушаңдық деңгейі
C. уақытша еңбекке жарамсыздықтың санын төмендету
D. тіркеу парағын толтыру
E. денсаулықты жақсартуға арналған іс шаралар

## Аралық бақылау 2

1. Әлеуметтік қызмет көрсету және төлем-бұл … түрлері
тұрғындарға зейнетақының
A. тұрғындарға көмек
B. әлеуметтік қорғаудың
C. тұрғындарға жәрдемақының
D. тұрғындарға жеңілдіктер

2. Қоршаған ортаны, өмір сүру салтын сауықтыру, тәрбие бойынша мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық шараларына ... жатады.
A. біріншілік профилактика
B. жеке профилактика
C. екіншілік профилактика
D. ұжымдық профилактика
E. үшіншілік профилактика

3. Әлеуметтік қызметкердің клиентпен байланысты тұрақты қолдау қажеттілігі әлеуметтік жұмыстың ... сипатталады.
A. кезеңділікпен
B. дискреттілігімен
C. қозғалыста болуымен
D. мерзімділікпен
E. үздіксіздігімен

4. Әлеуметтік топ – бұл ...
A. медициналық айықтыру жұмыстары бойынша қоғам
B. қоғамның әлеуметтік-экономикалық игілігі
C. жеке қызығушылықтарымен біріктірілген адамдардың қоғамдық ұйымы

D. жалпы қызығушылықтарымен біріктірілген адамдардың қоғамдық ерікті ұйымы
E. медициналық сауықтыру бойынша іс-шараларды кешенді ұйымдастыру

5. Медициналық-әлеуметтік жұмыстың аралас қызметіне ... жатқызылады:
A. медициналық-әлеуметтік патронаж
B. науқасқа күтім жасау
C. әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды шешу
D. жеңілдіктер жайында ақпараттандыру
E. жанұяны жоспарлау

6. Әлеуметтік медицина нысаны ... болып табылады:
A. халық
B. әлеуметтік – медициналық институттар
C. қоғамдық денсаулық сақтау
D. мемлекеттік қызметкерлер
E. жұмысшылар

13. Әлеуметтік қызмет стандарттарын бекітеді.
A. қамқорлық жасау ұйымымен
B. қаржы Министрлігімен
C. тұтынушылар құқығын қорғау агенттігімен
D. ҚР үкіметімен
E. қоғамдық денсаулық сақтау маманымен

8. Тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың міндеттеріне жатпайды:
A. белгіленген құқық және кепілділікті іске асыру
B. тұрғындарға өндірістік өнімді жарнамалау
C. әлеуметтік көмектің белсенді түрін қолдану
D. тұрғындардың әр түрлі топтарына сараланған тәсіл
E. халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобын ақпараттық банк мәліметтерін тіркеу және жүргізу

9. «Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру туралы» ҚР-ның заңы ... қабылданды
A. 1995 ж.
B. 1996 ж.
C. 1997 ж.
D. 1998 ж.
E. 1999 ж.

10. «Мемлекеттік мекен-жайлық әлеуметтік көмек туралы» ҚР-ның заңына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік көмектің 2 түрі бекітілген:
A. ақшалай төлем және табиғи көмек
B. ақшалай көмек және қосымша төлем
C. ағам өнімдерінің және жағар майдың аз жинағы
D. жеңілдіктер
E. жәрдемақы

11. Тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыру, материалды қамсыздандыру және әлеуметтік кызмет көрсету - бұл ...
A. жоғары білім
B. құқықтық білім
C. әлеуметтік қамсыздандырудың қызметтері
D. әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесінің элементтері
E. әлеуметтік қамсыздандырудың қағидалары

12. Әлеуметтік қамсыздандырудың құқығы- бұл ...
   A. ақшалай заттардың ұқыптылығын реттейтін нормалардың жиынтығы
   B. қоғам мүшелерінің жақсы өмір сүруіне өмірге қажетті жеке қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында материалдық табысты бөлу түрлері
   C. заңды міндеттерді өз мойнына алатын қатысушыларға субъективті құқықты ұсынатын тәртіп ережесі
   D. өмірге қажетті жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында материалдық емес табысты бөлу түрі
   E. объективті құқықты қатынастардың қатысушыларына ұсынылатын тәртіп ережелері
13. Әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік жүйесі- бұл ...
   A. азаматтарға әлеуметтік қорғанысты кепілдендіретін әлеуметтік-экономикалық шаралардың кешені
   B. азаматтарға ерік пен конституциялық құқық қорғанысын кепілдендіретін қылмыстық және азаматтық құқық тарапындағы номативті құқықтық актілердің жиыны
   C. азаматтардың әлеуметтік құқығы мен еркін жүзеге асырудағы және қорғаудағы мемлекеттік органдардың қызметі
   D. азаматтарға әлеуметтік қорғауды кепілдендіретін әлеуметтік-саясаттық шаралар кешені
   E. азаматтардың әлеуметтік құқығы мен еркіндігін жүзеге асыратын және қорғауы туралы қоғамдық органдардың іс-әрекеті
14. Бейәлеуметтік тәртіпті алдын алуға бағытталған қызмет маманы.
   A. әлеуметтік педагог
   B. орталық кадрлар маманы
   C. әлеуметтік валеолог
   D. фирма менеджері
   E. жастар орталығының психологы
15. Кәрілік, мүгедектік, баланың туылуы, адамның өлуі, ана болу- бұл ...
   A. әлеуметтік қамсыздандыру жағдайы
   B. әлеуметтік қамсыздандыру қағидалары
   C. ҚР-дағы әлеуметтік қамсыздандыруға негіз болатын критерий
   D. әлеуметтік қамсыздандыру белгілері
   E. әлеуметтік қамсыздандырудың өлшемдері
16. Қоршаған ортаны, өмір сүру салтын сауықтыру, тәрбие бойынша мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық шараларына ... жатады.
   A. жеке профилактика
   B. біріншілік профилактика
   C. екіншілік профилактика
   D. ұжымдық профилактика
   E. үшіншілік профилактика
17. Қазақстанда алғашқы рет «әлеуметтік қызметкер» мамандығы бойынша кадрларды дайындаған..
   A. Е.Букетов атындағы Қарағанды университеті
   B. Е.Гумилев атындағы Евразиялық университеті
   C. М.Ауезов атындағы ОҚТУ
   D. Әл-Фараби атындағы КАЗҰУ
   E. Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті
18. Әлеуметтік жұмыстың тәжірибелік машықтанған зерттеу әдістеріне ... жатады:
   A. нұсқаулар, кітаптар, журнал

B. фотосуреттер, сызбалар, кестелер
C. интернет, компьютер, аудио
D. есеп беру, хаттамалар, резюме
E. пікір-талас, жиналыс, өңдеу, бағдарламалар

19. Әлеуметтік жұмысты отбасымен жүргізетін әлеуметтік қызметкер- бұл...
A. қиын балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман
B. егде адамдармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман
C. жасөспірімдермен жүршізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маманы
D. отбасымен жүргізілетін әлеуметтіг жұмыс аясындағы маман
E. мүмкіндігі шектеулі адамдармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс аясындағы маман

20. Әлеуметтік қорғау дегеніміз –бұл ...
A. экономикалық, саясаттық және құқықтар қатынастар
B. еркін әлеуметтік сақтандыру
C. тұрғындардың аз қорғалған топтарына материалды көмек
D. мәжбүрлеу әлеуметтік сақтандыру
E. медициналық шаралардың жиыны

21. Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде ... сипатта болады.
A. әдістемелік
B. теория- әдістемелік
C. фундаментальды
D. тәжірибелік
E. жапсарма

22. Әртүрлі әлеуметтік құралдардың көмегімен жастарды ортаға үйрету үдерісі
A. таным үдерісі
B. мотивация
C. әңгімелесу
D. әлемуеттік адаптация
E. тәрбиелеу үдерісі

23. ҚР 2016 жылдың 6 сәуірдегі № 482 қабылданған Заң
A. «Халықтың жұмыспен қамтылуы»
B. «Мүгедектерді әлеуметтік» қорғау
C. «Зейнетақымен қамтамасыз ету»
D. Еңбек кодексі
E. Мемлекеттік атаулы көмек

24. Қамқорсыз және панасыз балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту мен уақытша тұруға арналған әлеуметтік қызмет көрсететін мекеме -бұл:
A. балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік баспана
B. түнейтін үйлер
C. тұрғындарға психо-педагогикалық көмек орталығы
D. интернат-үйі
E. хоспистер, хостелдер

25. Жедел әлеуметтік көмек қызметінде төмендегі қызметтер қарастырылған: қызмет меңгерушісі, сонымен қатар ...
A. бас есепші мен есепші инспектор
B. әлеуметтік жұмысшылар
C. медбикелер, еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы
D. психолог, юрист, әлеуметтік жұмыстар бойынша маман, әлеуметтік жұмысшылар

E. психолог, еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы

**8.2. Пән/модуль бойынша тест, емтихан сұрақтары**

1. Медициналық-әлеуметтік көмек.
2. Мүгедектермен медико-әлеуметтік жұмыс.
3. Денсаулықтың бұзылу қаупінің факторы (әлеуметтік-экономикалық).
4. Медико-әлеуметтік көмек көрсетудегі мейіргер ісі
5. Денсаулықтың бұзылу қаупінің факторы (биологиялық).
6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік саясаты.
7. Халыққа медико-әлеуметтік қызмет көрсету.
8. Денсаулықтың бұзылу қаупінің факторы (экологиялық).
9. Отбасы мен оның жеке мүшелеріне медициналық-әлеуметтік көмек көрсету.
10. Медициналық-әлеуметтік патронаждың кезеңдері.
11. Денсаулықтың бұзылу қаупінің факторы (медициналық).
12. Халыққа медико-әлеуметтік қызмет көрсетудің мәні мен маңызы.
13. Медициналық және әлеуметтік мәселелер.
14. Халыққа медико-әлеуметтік көмектің түсінігі мен классификациясы.
15. Науқастар мен мүгедектерді медициналық-әлеуметтік оңалтуды жүргізу.
16. ҚР- ның мемлекеттік әлеуметтік саясатының негізі.
17. Отбасын жоспарлау мәселелерінің әлеуметтік мәні.
18. Медициналық және әлеуметтік көмекті қажет ететін халықтың санаттары.
19. Медициналық-әлеуметтік патронаж.
20. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік көмек көрсету.
21. Сал аурулары бар науқастарды әлеуметтік-медициналық оңалтудың негізгі әдістері.
22. Халыққа медико-әлеуметтік көмек көрсетудің түрлері.
23. Әлеуметтік қамсыздандыру саясаты және оның дамуы.
24. Дене қызметтерінің тұрақты шектеулері мен өмірге шектеулері кезіндегі әлеуметтік көмек .
25. Мейіргер ісіндегі әлеуметтік жұмыс түсінігі.
26. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік білім беруді жүзеге асыру
27. Әлеуметтік жеткіліксіздіктің болуы және әлеуметтік көмекке деген қажеттілік.
28. Әлеуметтік жұмыстағы медициналық жаңашылдық.
29. Әлеуметтік тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау.
30. Дәстүрлі түрде әлеуметтік тұрғыдан қарастырылатын мемлекеттік саясат саласындағы білім беру.
31. Мүгедектікті анықтау критерийлері.
32. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы халықаралық актілер.
33. Дәстүрлі түрде әлеуметтік тұрғыдан қарастырылатын мемлекеттік саясат саласындағы денсаулық сақтау.
34. Медициналық – әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыру.
35. Психиатриялық ауруханалардағы әлеуметтік қызметкердің рөлі.
36. Дәстүрлі түрде әлеуметтік тұрғыдан қарастырылатын мемлекеттік саясат саласындағы әлеуметтік сақтандыру.
37. Әлеуметтік саясат және білімді басқару.
38. Есірткіге тәуелділіктің даму қаупі жоғары топтармен әлеуметтік медициналық жұмыс.
39. Мемлекттік, муниципалдық деңгейлердегі медико-әлеуметтік іс-әрекеттерді реттейтін нормативті-құқықтық құжаттар.

40. Денсаулық және балалардың әлеуметтік дамуы.
41. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлыққа қарсы әлеуметтік жұмыс.
42. Облыстық және муниципалдық деңгейлердегі медико-әлеуметтік іс-әрекеттерді реттейтін нормативті құжат түрлері.
43. Гериатрия салаларында әлеуметтік жұмыс жүргізу.
44. Медициналық-әлеуметтік сараптамаларды өткізудің ішкі шақырулары.
45. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы маскүнемдіктің алдын алуға бағытталған әлеуметтік жұмыс.
46. Онкологиялық аурулармен медико-әлеуметтік жұмыс.
47. Мүгедектілікті мерзімсіз қайта куәландыруды анықтау үшін көрсеткіштер тізімі.
48. Егде және қарт адамдармен әлеуметтік жұмыста психосоматикалық тәсілдер.
49. Наркология салаларында әлеуметтік жұмыс жүргізу.
50. Қазақстан Республикасындағы медициналық - әлеуметтік сараптама қызметінің жағдайын талдау.
51. Әлеуметтік патронаждық жұмыс практикасын және денсаулық сақтау саласы мамандары мен басқа секторлардың байланыс тиімділігі.
52. Науқастарды МӘС бөліміне жолдаудың тәртібі.
53. Ата-ана мен бала арасындағы жақындық модельдеріне бағытталған әлеуметтік көмек түрі.
54. Қазіргі егде және қарт адамдарға дифференциалды сипаттама, көрсетілетін әлеуметтік көмек түрі.
55. Халыққа медико-әлеуметтік көмек көрсетудің әдістері.
56. Егде және қарт адамдармен әлеуметтік жұмыстың деонтологиялық ерекшеліктері.
57. Медициналық-әлеуметтік сараптама мамандарының жүктемесінің ұлғайтылуы мен кадрлық жетіспеушілік.
58. Әлеуметтік-медициналық жұмыс үшін құқықтық база.
59. Әлеуметтік оңалту іс-шараларын жүргізу кезіндегі мейіргердің міндеті.
60. Әлеуметтік жұмыстағы вербальды және вербальды емес тиімді коммуникацияларды ұстану.
61. Әлеуметтік жұмыс түсінігі.
62. Осал топтағы отбасыларын қолдау бойынша әлеуметтік іс-әрекеттер.
63. Ата-ана мен ерте жастағы балалар арасындағы оңтайлы әлеуметтік қарым-қатынасты үйрету.
64. Психологиялық-әлеуметтік оңалтудағы негізгі әдістері.
65. Әлеуметтік-медициналық жұмыс үшін нормативтік-құқықтық база.
66. Халыққа медико-әлеуметтік көмек көрсету саласындағы әлеуметтік саясат.
67. Медициналық – әлеуметтік саясат.
68. Егде жастағы науқастар арасында әлеуметтік түсінікті қалыптастыру.
69. Медициналық – әлеуметтік патронаж кезеңдерінің негізгі атқаратын қызметі.
70. Әлеуметтік көмек түрлері.
71. Қазіргі әлемдегі халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі түрлері.
72. Отбасы мен оның жеке мүшелеріне медициналық - әлеуметтік көмек көрсетудің негізгі қағидаттары.
73. Әлеуметтік қызметте ұсынылатын жүйе.
74. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік көмек көрсетудің маңызы.
75. Психоактивті заттарды тұтынатын адамдардың әлеуметтік медициналық оңалту.
76. Әлеуметтік – медициналық саясат негізі.

77. Психиатриялық профильдегі аурулармен медико-әлеуметтік жұмыс.
78. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыскері мамандарының міндеттері.
79. ҚР – дағы медициналық - әлеуметтік жұмыс.
80. Қазіргі әлемдегі халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі модельдері.
81. Мүгедектердің әлеуметтік қорғауы мен құқығын реттейтін, Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық актілері.
82. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік көмек көрсету.
83. Қатерлі ісік аурулары бар науқастарға медико-әлеуметтік көмек.
84. Халыққа медициналық – әлеуметтік көмек көрсетудің классификациясы.
85. Қоғамдық денсаулық сақтаудың әлеуметтік мәні.
86. Әлеуметтік жұмыстың негізгі атқарылатын іс – шара кешені.
87. Медициналық және әлеуметтік көмекті қажет ететін халықтың тізімі.
88. Әлеуметтік көмек түрлері.
89. Медициналық–әлеуметтік сараптаманы ұйымдастыру.
90. Қазақстан Республикасындағы жүкті әйелдерге көрсетілетін әлеуметтік-медициналық жұмыс.

**8.3. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері: әрбір деңгейдегі білімді бағалау шкаласы мен критерийлері (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) сабақтардың барлық түрлерін бағалау ережелері.**

Оқыту нәтижелерін бақылау және бағалаудың нысандары мен әдістері білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуын ғана емес, сонымен қатар базалық құзыреттіліктер мен оларды қамтамасыз ететін дағдылардың дамуын тексеруге мүмкіндік беруі керек.

Білімді бағалау-бұл білім алушылардың оларды меңгеру деңгейіне қол жеткізген оқу бағдарламасында сипатталған эталондық көрсеткіштермен салыстыру процесі.

Бағалаудың мақсаты-білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ынталандыру және бағыттау. Бағалаудың негізгі талаптары: объективтілік, жариялылық, айқындық, тиімділік, жан-жақтылық, маңыздылық және бедел. Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау - үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау №1 кестеге сәйкес балдық - рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

**№1 кесте**

**Рейтинг шкаласы**

| Әріптік баға жүйесі | Сандық эквивлент | Баллдар (%-дық көрсеткіш) | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағатсыз |

| | |
|---|---|
| Бағалау критерилері | ***Өте жақсы «А»:*** Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда<br>***Жақсы «В+» - «С+»:*** Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда<br>***Қанағаттанарлық «С» - «D»:*** Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда<br>***Қанағатсыз «F»*:** Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда |

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:
Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК (аралық бақылау) + СӨЖ) = РД (жіберу рейтингі) х 60% + баға (х 40%)Емтихан(жеке): қорытынды емтихан.
Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар) :
Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)
Бағалау критерилері:
Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.
Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.
**Тапсыру мерзімі:** Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсын аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9.